

АНКРЫН

ТҮҢҒЫШ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ



Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің мерейтойына қатысты «Егемен Қазақстан» мен «Айқынға» бірнеше мақала жарияланды. Соның ішінде белгілі журналист Жақсыбай Самрат, тарихшы әріптесіміз Мәмбет Қойгелді және айтулы алаштанушы-ғалым Дихан Қамзабек өз мақалаларында ЖОО-ның 90 жылдығы ма, әлде бір ғасырлық мерейтойы ма деген тақырыпта ой өрбітті. Осы талас мәселеге байланысты төменде ойымызды білдіріп отырмыз. Осы орайда өте маңызды сұрақ – Қазақ жерінде оқу мекемелері қашаннан бар, қай жерде ашылған және қандай бағытта болған деген мәселеге тірелетіні анық. Осы жағдайды сараптай келе, еліміздегі оқу орындары тарихын жүйелеу қажет және оны әр кезеңге бөліп, екі түрлі қағида ұстануымыз керек деп ойлаймын. Біріншіден, еліміздегі оқу орындарының ашылуын көп жағдайда Кеңес дәуірінен бастайтын бұрынғы қағиданың қателігін тануымыз керек. Екіншіден, еліміздегі оқыту орындарының ашылуын тек Ресеймен байланыстыратын бұрынғы қателіктен арылу. Бұл – үлкен қателік. Біз түркі-қазақ даласындағы алғашқы оқу орындарының ашылуын кең сахарада ислам дінінің тарауымен қатар, мектеп, медреселердің бой көтергенімен байланыстырғанымыз дұрыс. Егер біз көне оқу орталықтарын айтпай кетсек, онда Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири сияқты оқымыстылар қайдан шыққан? Әрине, олар кейін көрші – Иран, Ирак, Сирия сияқты елдерде білімін жалғастырған. Бірақ алғашқы білімді олар өз отанында алғаны белгілі ғой. Сонымен бірге, ол заманда қазақ, өзбек деп бөлінбеген кез, шыққан тегіміз ортақ – ұлы Түрік қағанаты болатын. Бір

кездегі славян тілін қазіргі орыс мемлекеті өздерінің негізгі тілі деп санап, сол уақыттағы оқу орындарын теріп, айтып отырады. Біз, қазақтар, ол кездегі оқу орындарын біздікі деп айтудан әлі күнге шошимыз. Сөйтіп, өз тарихымыздан негізсіз бас тартамыз. Осының өзі бізді баяғы «жабайы», «мәдениеті болмаған тобыр» дегенге етіміздің үйреніп кеткенінен екені белгілі. Жартысы көшпенді болып, жартысы қалаларда тұрып келген біз сияқты халықтардың бірі – арабтар. Сол арабтар Еуропадағы алғашқы жоғары оқу орны – Испаниядағы Кордова университетін IX ғасырда ашқан. Кейін католиктер соның негізінде өз университетін қалады. Осыны қазір испандықтар жасырмай айтады, одан еш ұялмайды. Қазақ баласы Ресей империясына қосылмай тұрып та жоғары білімді не Таяу Шығыс, не Бұқара мен Самарқаннан алған. Сол оқыған, зиялы қауым Әбілқайыр хан атынан Анна Иоанновнаға, Кенесары хан Ресей әкімшілігіне хат дайындаған. Араб қарпінде – қасиетті Құранды ашқан, бір-біріне хат жазысқан. Мысалы, Жәнібек ұлы Қасым өз достарымен, жауларымен хат жазысып тұрғаны белгілі. Демек, отандық біршама оқу орынның тарихын біз орта ғасырдан бастасақ та қателік болмайды. Әрине, төңкеріске дейін ашылған әртүрлі әскери, кадет, орыс-түзем мектептері, теміржол училищелерін санамасақ, осы заманғы жоғары оқу орындарының бой көтеруі бізде «Октябрь революциясынан» кейін басталды. «Тарихтың тағылым айдыны» атты Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тарих факультетіне 75 жыл толуына арналған жинақта (2009 жыл, Алматы) былай деп жазылған: «1917 жылдың қарашасында Ташкентте Түркістан Кеңестерінің Өлкелік Үшінші съезі болып, онда осы өлкенің тарихында бірінші рет ашылатын жоғары оқу орны туралы шешім қабылданды. Аталған жобаны кең ауқымда талқылау үшін 1918 жылдың ақпанында Ташкент қоғамының жоғары оқу орындары ісіне берілгендер арасында құрылтай жиналысы болды. Оның құрамына ғалымдардың, дәрігерлердің, заңгерлердің, мұсылман ауқымдағы қоғамдардың өкілдері кірді» (Аталған еңбек, 14-бет). Бұл кейін САГУ (Средне-азиатский госуниверситет) атанған Түркістан мемлекеттік университеті (1923 жылға дейін) болатын. Осы университеттің жанынан 1918 жылдың 12 мамырында түркі тілдерінде оқытатын мұсылман секциясы ашылып, ол қазіргі Мырза Ұлықбек атындағы Ташкент ұлттық университетінің құрылған күні болып есептеледі. Ол кезде Алаш арыстарының көбі осы қалада болатын, өйткені Ташкент барлық түркістандықтарға ортақ шаһар. Қалалық Мұсылман комитетінің қолдауымен олар таза қазақ тілінде оқытатын алғашқы оқу орнын аштыруға қол жеткізеді. Бұл орыс педучилищесінің бөлімшесі ретінде 1918 жылдың 20 қазанда ашылған мұғалімдер дайындайтын оқу орны болды. Оның меңгерушісі болып И.Тоқтыбаев, ал мұғалімдер қатарына Х.Болғанбаев, С.Қожанов,

Қ.Ходжиков, Ф.Құлтасов және Е.Табынбаевтар енген. Осы бөлімше кейін толық училище, артынан КириИнПрос-қа (Киргизский Институт Просвещение) айналғандығы туралы құжаттардың бәрі С.Тілеуқұловтың «Первый казахский институт в Ташкенте» деген жинағында келтірілген. Осы жинақта «Краткие сведения о возникновении Казинпроса в Ташкенте» атты бір құжат бар, онда мынадай деректер келтірілген: «В нем преподавали: М.Тынышпаев, Х.Досмухамедов, С.Ходжанов, И.Тохтыбаев, М.Жумабаев, К.Жаленов, Х.Болганбаев, К.Ходжиков, Ф.Култасов, Е.Табынбаев, С.Утегенов, А.Байтурсынов, Ж.Аймауытов, Д.Адилов, Д.Сарсенов и др» (ЦГА РУз, ф.372, оп.1, д.60, л.5). Нақ осы оқу орны 1926 жылдың 2 шілдесінде ҚазАКСР Халық комиссарлары Кеңесінің қаулысымен Қазақ педагогикалық институты болып өзгертіледі. 1927 жылғы Қаулымен ол Алматыға көшіріліп, 1928 жылы Қазақ мемлекеттік университеті, кейін қайта пединститут (ҚазПИ) болып құрылады. Бізге қазір жасқаншақтықтан арылып, тарихымызды тереңдетуден қашуды қою керек. ҚазПИ-дің алғашқы қадасын Алаш арыстары қадап, 10 жыл бойы мыңдаған қазақ жастарына жоғары білімнің алғашқы ұшқындарын еккенін естен шығармау – бүгінгі ұрпақ парызы.